


**Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті**  
**Кітапхана**  
**Семипалатинский государственный университет им. Шакарима**  
**Библиотека**

## **Тәрбие ісі шараларының сценарийлері**



**Сценарии мероприятий воспитательной  
работы**

**Семей, 2016**

*Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті нің  
Кітапхана Кеңесі ұсынған*

*Рекомендован Библиотечным Советом СГУ им. Шакарима*

**Тәрбие ісі шараларының сценарийлері / Құраст.: Г. Майшекина.-Шәкәрім  
атындағы СМУ.- Семей, 2017.-127 б**

**Сценарии мероприятий воспитательной работы / Сост.: Г. Майшекина .- СГУ им.  
Шакарима.- Семей, 2017.-127 с**

**Топ кураторларына көмек ретінде жинаққа көпшілік іс шаралар сценарийлер  
жоспары енгзілді**

**В сборник вошли разработки массовых мероприятий в помощь кураторам групп**



## НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ

**Мақсаты:** Оқушыларға Қазақ халқының ұлы мерекесі Наурыз мейрамы жөнінде түсінік бере отырып, халқымыздың салт – дәстүрін бойларына дарыту арқылы, шынайылыққа, адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Мазмұны: Бүкіл тіршілік аталуының түрленіп, жаңаруы паш етіледі. Мейрамның ең қадірлі дәмдері мен қасиетті сөздері кеңінен насхатталады.

**Көрнекілігі:** Қазақтың киіз үйінің жабдықтары, ұлттық тағамдар, алтыбақан. т.б.с

**Түрі:** Мерекелік сазды әдеби – музыкалық кеш.

I. Қонақтарды қабылдау.

II. Жарапазан айтушы бала мен өнерпаз жігіт жиналған қауымды Наурыз тойын тамашалауға шақырады.

III. «Жыл басы - Наурыз» тойы мерекесінің жүру бағдарламасы.

1 - Қазақтың салт дәстүрлері мен ырым – тыйымдары туралы түсінік беру.

2 - Халық әндерімен билерін тамашалау.

3 - Қызыр атаны қарсы алу, бата сұрау. 4 – Ұлттық ойындардан көрініс ( күрестен, кіртас көтеру, аударыспақ ойнау ) Наурыз көже ішуден сайystар.

5 – «Достығымыз жарасқан» Ұлттық билерден сайыс. ( әр ұлт өкілдерінің киімін киген бозбала мен бойжеткендер билейді ) Би «Шашу» орындайтын: оқушысы Нұрқалиева Камшат

**Жүрісі:** 1 жүргізуші: ( сынып жетекші ) Қадірлі жиналған қауім, ата – бабадан жеткен халқымыздың тамаша жоралғылары мен дәстүрлеріне құлақ салалық, зердемізге түйіп, келер ұрпаққа мұра етіп қалдыра алсақ, қандай ғанебет болар еді. «Наурыз» күн мен түн теңеліп, жергегі көкке жан бітіп, жан – жануарлар төлдеп, адамдардың ауызы аққа тиетін, тоң жібіп, Жер – Ана бусанатын, қыстан аман шыққан шаруа адамының арқасы кеңіп, қолынан айыр – күрегін тастамайтын, ерекше күн деп саналған.

**2 жүргізуші:** ( оқушысы ) Жаңа жылды, Наурыздың 22 – сін халық Ұлыстың Ұлы күні деп ұлағаттаған. Ұлыс күні Қазақ үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Бұл күнгі болған әрбір өзгеріске үлкен мән берген, қар немесе жаңбыр жауса, « нұр жауды », « туар жыл нұрлы болады », « Наурыздың ақша қарындаі » деп әсем теңеулер айтып, « ағынан

жарыла қуанса, мал төлдесе бір тал көк шөп артық шығады » - деп ырымдаған, нәресте дүниеге келсе, ұлағаттап есімін ерекше қойған.

**1 жүргізуші:** Ұлыстың Ұлы күні « көлденеңнен шөпке жан бітіп » қырда саршұнақ інінен қылт етіп, бір көрініп, қайтадан ініне кіріп кетіп, жер беті әбден жылығанда шығады дейді. Бұл сөзде дала мен табиғат арасындағы көзге көріне бермейтін терең мәнді тағылымды үйлесімділік жатыр. Тілімізде осы қунге қатысты – «жер бетіне жақсылық ұлаған қүн», «Ұлыстың ұлы қүні», «Ұзақ ұшып келген қүн», «Жыл басы – жылқышы торғай ( науірзек ) келген қүн», «Көк құт ( өсімдік ) көзін ашқан қүн», «Көк тас еріген қүн» деген сөз оралымдары сақталған.

**2 жүргізуші:** Айнұр Өтегенова Нұрбек ағай сіз білессіз бе ? Наурыз мерекесін тойлау дәстүрлі дүние жүзі халықтарының көвшілігінің түрмис – салтында бағзы замандардан бері орын алған деседі.

**1 жүргізуші:** Иә, иә, Айнұр менің естуімше Ежелгі түркілер ұлыс күндері жаңа киімдерін киіп, сақал – мұрттарын түзеп, шаштарын алдыратын болған, алты қүн садақ тартып машиқтанған соң, жетінші қүні алтын тенгеден жамбы атып жарысқан. Егер кімде – кім бірінші болып жамбыны атып түсірсе, сол адам сол қүні, яғни бір қүн елге патша болып, билік жасауына ерік берілген деседі. Ал Қазақ даласында ұлыстың ұлы қүні бүкіл адамды тең санаған, құл мен қүн де шаруадан босап, еркін бой жазуға мүмкіндік алған. Бұл қүнгі дастархандағы дәм, айтылар әңгіме көпке ортақ болған екен.

**2 жүргізуші:** «Береке басынан басталады» демекші, «жыл басы жақсы басталса, аяғы да жақсы болады» деген қағиданы берік тұтынған халық бүкіл ыдыс атаулыны дәнге, ақса таза суға толтырып бетін ашық қалдырған. Бұл 21 – Наурыз қүнгі таң алдында орындалады екен. Бұның мәні: дала аралаған Қызыр Ата келіп «қыдыр, құт дарытып» кетеді дейді екен. Олай болса бүгінгі біздің Наурыз мерекемізге Қызыр Ата келе жатыр дейді. «Қызыр Ата» келеді бата береді. Бекзат Арапбаев 10 в сынып оқушысы

**1 жүргізуші:** Ерітіп қарын даланың, Жинатып гүлін саланың. Жетелеп жұмсақ самалың, Келді Наурыз – жыл басы. Құлімдеп қарап құміс қүн, Аспаның бүркіп пүліш түн. Ұлы қүні Ұлыстың, Келді Наурыз – жыл басы! Ән « Наурыз – думан » орын: оқушысы

**2 жүргізуші:** Айнұр Өтегенова Ұлыс оң болсын ! Ақпан кетті араз боп Наурызбенен. Наурыз жүр жоғалған бағын іздей, Қектем жетті көрісіп жанын іздей (көтеріңкі көңілмен дабырласып көріседі, көрінісі көрсетіледі) Осы жерден алдарынан келін иіліп сәлем қылып, ал бойжеткендер ізет көрсетіп қарсы алады да Наурыз көже ұсынады. («Бұл көжеде бәрі бар» өлеңінен үзінді оқу ) ауылдың бозбаласы: Берік Исаұлы оқиды. Ашық болсын қас – қабак, Таспен атқанды аспен ат. Бейтаныс та, таныс та, Бүгін төрде бас қонақ. Арпа, бидай, тары бар. Ішілетін, житіннің, Бұл көжеде бәрі бар. Ошақта көп шоқ әлі, Астың ауыр обалы. Астан үлкен ешкім жоқ , Қазан ауызы жоғары . Ақсақал жыл дастарханына бата береді. Бата: Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын ! Қайда барса жол болсын, Ұлыс береке берсін. Пәле - жала жерге енсін !

**1 жүргізуші:** Наурыздау, ауыл аралап көрісу Қазақ даласында үш қунге созылған (22 - 24 Наурызда). Осы қүндері әрбір отбасының дастарханынан көжесі, дәмі үзілмеген, есігі ашық, қабағы жайдарлы болған.

22 – Наурыз қүні міндетті түрде отбасынан дәм татып, ақсақалдар мен әжелердің батасын алу парыз саналған. Ән: « Қош келдің - Наурыз » орын: Эйгерім Кенесова

**2 жүргізуші:** Ұлыс қүні кәрі – жас, Құшактасып көріскең. Жаңа ағытқан қозыдай, Жамырасып көріскең. Аталар бата беріскең, « Сақтай гөр» деп терістен. « Кел, таза бақ, кел» десіп, Кел тілек бер десіп .... Би «Будашкин» ор: оқушысы.

**1 жүргізуші:** Қазақтың спорттық ойын түрі « Қазақша күрестен» көріністік сайзымызды тамашалайық. 2 жүргізуші: Айнұр Өтегенова Ер жігіттер арасынан Наурыз көже ішуден сайзымызды басталық. Қане аулымыздың жігіттері қайда. Ортаға 4 – окушы шығарылады.

**1 жүргізуші:** Кезекті әнге берелік «Сәукелелі ару қыз» орын: окушысы (Осы жерде Қазақ кім киген қыз балалар сән үлгісін көрсетуі арқылы шығады, қазақы қол өнерлерін алғып көрсетеді ).

2 жүргізуші: Айнұр Өтегенова «Тұсау кесер» рәсімін жіберейік «Шілдехана әні» орындалып тұрады. ( Тұсау кесілгеннен кейін ) «Тәй – тәй» әнін әжелер орындаиды.

Ендігі кезекте ауылымыздың бойжеткендеріне арналған «Санамақ» ойынна кезек берелік.

**1 жүргізуші:** Нұрбек Бекбауов Келесі тамашалайтындарының ер жігіттерімізге арналған «Күш синасу» кезегіне берелік Би « Адай » орын: окушысы. **2 жүргізуші:** Айнұр Өтегенова Осымен ұжымының ұйымдастыруымен өткен «Жыл басы – Наурыз» атты мерекелік кешіміз аяқталды.

## **Сценарий фольклорного праздника**

*Звучит казахская народная музыка.*

*Зрители и участники выстраиваются перед юртой.*

*Звучат позывные (двоих музыкантов в национальных одеждах имитируют игру на кернеле).*

**Зазывала 1:**

Слушайте! Слушайте!  
И не говорите, что не слышали!

**Зазывала 2:** И не говорите, что не видели!

**Зазывала 1:** Наурыз идет к нам в гости!

**Вместе:** Добро пожаловать, Наурыз!

**Ведущий 1:** Добрый день, дорогие ребята, уважаемые гости! Мы приветствуем вас на праздновании древнего весеннего праздника Наурыз-мейрамы!

**Ведущий 2:** Наурыз мейрамы – это светлый весенний праздник пробуждения природы, вселяющий оптимизм и надежду на свершение самых светлых и заветных желаний.

**Ведущий 1:** Великий Наурыз объединяет под своим праздничным «шаныраком» весь многонациональный народ нашей страны!

**Ведущий 2:** Наурыз – древний праздник весны и труда, возникший у многих народов Востока и пришедший к нам из глубины веков. Отмечается Наурыз 22 марта – в день весеннего равноденствия!

**Ведущий 1:** И это не случайно! День и ночь, свет и тьма, зима и лето, – Наурыз всегда служил условным рубежом между этими понятиями.

**Ведущий 2:** По установившемуся поверью, в этот день народ избавлялся от зимних тягот, радовался предстоящей весне. Говорят, в этот день люди приводили в порядок не только свои дома, но и свои мысли.

**Ведущий 1:** Находившиеся в ссоре – мирились, ибо как утверждали старики, когда Наурыз входит в дом, все невзгоды обходят его стороной.

**Ведущий 2:** Наурыз встречают в добром расположении духа и высказывают друг другу самые добрые пожелания. Вот и мы сегодня здесь все вместе, чтобы встретить Наурыз, пожелать друг другу добра, благополучия и процветания!

**Ведущий 1:** Сегодня светлый весенний праздник «Наурыз» собрал нас всех вместе. И все мы вместе, дружно говорим: **Добро пожаловать. Наурыз!** (Слова произносятся хором всеми участниками праздника.)

**Девушка из массовки:** Здравствуйте, здравствуйте! Проходите! Посмотрите! Светлый

праздник Наурыз на пороге! Давайте встретим его радостно и весело!

**Юноша из массовки:** Наурыз – это всегда песни, кюи, танцы, веселье! Сары Арка [испокон веков славилась своими ақынами](#), кюйши, певцами!

*Издалека слышны звуки гармони и пение. Певица приближается к юрте.*

**Ведущий 1:** Добро пожаловать, Майра! Порадуй нас своим пением!

*Звучит песня известной казахской певицы Майры Шамсутдиновой. Все участники, по традиции, одобрительными возгласами поддерживают ее пение.*

**Ведущий 2:** Спасибо, Майра! Оставайся с нами! Издалека слышны звуки домбры. Певец приближается к юрте.

**Ведущий 1:** А вот и Биржан! Золотой певец Сары Арки!

**Персонаж из массовки:** Биржан, говорят, твой голос слышен в аулах на расстоянии десяти-пятнадцати верст! Он гремит по всей степи!

**Другой персонаж из массовки:** Такого сильного и могучего голоса нам не приходилось слышать: когда ты поешь, кажется, что все, находящееся под небом, начинает дрожать – и земля, и горы, и озера!

**Третий персонаж из массовки:** Голос Биржана повсюду звучит!

Степи и горы Биржан воспевает.  
Пенье и голос домбры вдали летит,  
Так голос веков к поколеньям взвывает!

**Ведущий 1:** Спой же, Биржан!

*Звучит песня Биржана. Все участники одобрительными возгласами поддерживают его пение. Издалека слышен приближающийся звук голоса. На центр площадки выбегает юноша.*

**Юноша:** Суйинши! Суйинши! Радуйтесь! Радуйтесь! Кыдыр Ата идет! Кыдыр Ата!

*На центр площадки перед юртой выходит седой старец – Кыдыр Ата.*

**Юноша:** Кыдыр Ата! Скажи нам добрые слова пожеланий!

**Кыдыр Ата:** Пусть наступит Наурыз!  
Пусть день будет равен ночи!  
А потом день прибавляется!  
Пусть придет тепло и солнечный свет!  
Пусть будет благополучным народ!  
Пусть будут радостны посевы!  
Пусть приведут они к хорошему урожаю!  
Пусть будут светлы души и помыслы!  
Пусть все будут в здравии!  
Пусть наступит рождение Нового Дня и Нового Года!

**Массовка:** Спасибо, Кыдыр Ата! Пусть будет так!

**Ведущие:** Радость, солнце и улыбки  
Ты несешь нам, Наурыз!  
Всем «шашу» на радость дарим!  
Будет щедрым Наурыз! *Девушки в национальных костюмах разбрасывают «шашу».*

**Массовка и все участники праздника (хором):** Наурыз кутты болсын!

*В центр выходят девушки и юноши в костюмах разных национальностей*

**Девушка:** Наурыз – великий праздник –  
Пригласил сегодня нас!

**Юноша:** Все мы вместе веселимся –  
Русский, немец и казах,

**Девушка:** Украинец и татарин,  
Молдаванин и еврей!..

**Юноша:** Шанырак нас всех согреет.  
Вместе праздник веселей!

**Девушка:** Зазвучит сегодня звонко  
Балалайка и кобыз.

**Юноша:** Многоликий, многогласый  
Хор споет про ...

**Все (хором):** Наурыз!

**Ведущие, участники и зрители (хором):** Наурыз кутты болсын! Исполняется хореографическая сюита «Под единым шаныраком»:

Казахский танец.  
Русский танец.  
Туркменский танец.  
Украинский танец.  
Немецкий танец.  
Таджикский танец.  
Еврейский танец.  
Корейский танец.  
Казахский танец.

В завершении театрализованного представления исполняется песня «Наурыз». Девушки в национальных костюмах разбрасывают цветы – подснежники и тюльпаны – символы Наурыза.



## БАБАЛАР СӨЗІ – ТӘРБИЕ КӨЗІ.

Кітапхананың оқу залы әдемі безендірілген. Көрнекті жерге Қазақстан Республикасының рәміздері ілінген. Қонақтар, оқырмандар осы залға жайғасуда. (Композитор Н.Тілендиевтің “Ата толғауы” күйі жаймен ойналып тұрады)

**1-жүргізуі:**      Көп жасаған қария

Ақылы теңіз-дария.

Көп өнеге сөзі бар

Сөзі – сокпақ, өзі нәр.

Ата салты – ардақты,

Әрбір сөзі – салмақты.

Сол сөздерді ұқпасаң

Тістерсің бір күн бармакты.

**2-жүргізуі: Бабалар сөзі** - кешегі өткен қариялардан, ғұлама ойшылдар мен шешен- билерден, ақын-жыраулар мен сал-серілерден мұра, мирас болып қалған ұлы тәрбие құралы.

Мың жылда бір-ак көрінетін кометалардай сырды да, сезімі де терең, тұнғиық дана тұлғаларымыз фәни өмірден баз кешіп, бақылық болып жатыр. Әйтсе де, Баубек пен Бауыржан батырлығы, Әлия мен Мәншүк ерлігі, Қаныш пен Әлкей білімі, Мұхтар мен Габит, Габидендердің үні, Дінмухамедтің парасаты – бүтінгі ұрпаққа өнеге. Олардың даналық болжамы, ғибрат аларлық сөздері мен пайымдаулары бүтінде халықпен қайта қауышып, жүргімізден орын алуда.

Біздің ата-бабаларымыздан бізге жеткен көптеген ұлағатты, ғибрат аларлықтай тамаша тәлім-тәрбие берерліктеі өсінет сөздер бар.

“**Бабалар сөзі – тәрбие көзі**” атты сауалнама-әңгімеміз қарт ата мен жас жігіт арасында

болған әңгіме түрінде өтеді. Яғни, қарияның жігітке қойған сауалына жігіттің жауап беруі және қарияның ол пікірді толықтырып өз ойын айтып беруін көрсетеміз.

**1-бала:** - Арман деген не? – депті қария.

- Ата арман дегеніміз ақыл-оидың шындығы. Құс -ұшсам дейді, бала - өссем дейді, қыз – көрікті болсам дейді, жігіт – бақытты болсам дейді, қарт – жүзге жетсем дейді, ұстаз – шәкіртіне үлгі болсам дейді.

Арманына адаспаған жетеді, адасқан арманына жете алмайды.

Арманына ақылды жетеді, ақымақ бұл өмірден түніліп өтеді, - депті қарт.

**2-бала:** - Бақытты болу оңай ма? – депті қарт.

- Ата, жары жақсы болса, бақыты жанында – депті жігіт.

- Жоқ балам, ақыл басында болса, бақыт жанында болады. Ақыл адамды азаптан да, мазақтан да құтқарады. Өмірде шын бақытты боламын десен, ақылдылықты үйрен, не ақылды қызға үйлен.

**3-бала:** - Дос табу оңай ма? – депті қарт.

- Ата, дос табу ақылдыға оңай, ақымаққа қын.

- Жоқ балам, өмірде дос табу ақылдыға қын, ақымаққа оңай. Ақылдының досы аз, қасы көп, ақымақтың досы көп болғанымен жақсылығы жоқ. Жақсылығы жоқ достың қастығы аяқ астында жатады. Есінде болсын, досың ақылды болса, өзің дана боласын, досың бала болса, өзің шала боласын, - депті қарт.

**4-бала:** - Өмірде не жетім? – депті қарт.

- Ата-анаңы жоқ бала жетім – депті жігіт.

- Дұрыс балам. Өмірде ата-анаңы жоқ болса бала тірі жетім. Өмірде **төғыз жетім** бар. Халқына сенімсіз болса – хан жетім. Ханы ақылсыз болса – халқы жетім, кеңесшісі ақылсыз болса - әкім жетім, сұзы жоқ - құдық жетім, ұлы жоқ - әке жетім, қызы жетесіз болса - ана жетім, досы жоқ -жігіт жетім, шәкіртсіз – ұстаз жетім.

Өмірде жетім болсаң есірме. Ақылды жетім кеңесуге құмар; Ақылсыз жетім егесуге құмар. Егескен ел болмайды.

**5-бала:** - Үйде кім, елде кім қадірлі?

- Ата, үйде ана, елде бастық қадірлі – депті жігіт.

- Жоқ балам, үйде **қонақ, қарт, бала** қадірлі. Елде хан, әкім, ұстаз қадірлі. Қонақты қадірлеуді бәрі біледі. Бала үйдің патшасы, балалы үй базар, баласыз үй қу мазар, - депті қарт.

## **6-бала: - Жоқты бар, ашты тоқ ететін кім?**

- Ата, жоқты бар, ашты тоқ ететін мейірімді әке, - депті жігіт.
- Жоқ балам, әке қанша мейірімді болса да, ананың жөні бөлек. Жоқты бар, ашты тоқ ететін ол – ана. Анасыз бала ұйықтамайды, қатыңсыз айран ұйымайды.

Ана – үйдегі бақ, әке отыратын - тақ. Ана ақылды болса үйдің қуанышы, әкенің жұбанышы – депті қарт.

## **7-бала: -Елді кім, үйді кім бұлдіреді? – депті қарт.**

- Ата, елді өсекші бұлдіреді, үйді ақылсыз бала бұлдіреді.
- Есінде болсын, ақылсыз басшы елді бұлдіреді, ақылсыз әйел үйді бұлдіреп.

Әкім – ақылсыз болса – ел тозады, өсек әкімді өсірмейді. Өсекті тындау - әкімге жараспайды, өсиетті тындау тақтағы ханға жараспайды, - депті қария.

## **8-бала: - Үйдегі алтын қазық кім? – депті қарт.**

- Ата, үйдегі алтын қазық бала, - депті жігіт.

- Жоқ балам, үйдегі алтын қазық – ана. Ана ақылды болса, бала дана болады. Ана тәрбиесі қызға үлгі, әке тәрбиесі үлға үлгі. Ана ақылшың, әке қамқоршың, ағаң қорғаушың, інің сүйенішің, қарындасың қанатың әкенін ұмытпа. Ананың сыйламағанның ақылы кем, әкені сыйламағанның жақыны кем. Ананың мейірімі көзінде, ықыласы көңілінде, ақылы сөзінде, - депті қарт.

## **9-бала: - Өмір сұру үшін не қажет? – депті қарт.**

- Ата, өмір сұру үшін алтын, ақша, нан, мал қажет, - депті.
- Жоқ балам, адамның өмір сұруі үшін су, от, тұз, қыз, ақыл қажет. Су тіршіліктің нәрін береді, от өмірдің сәнін береді, тұз астың дәмін келтіреді, қыз көңілдің сәнін келтіреді, ақыл өмірдің мәнін береді. Адам ақылмен ағайынды табады, ақылсыз адам ағайыннан береді, - депті қарт.

## **10-бала: - Шындықты не бұзады? – депті қарт.**

- Ата, шындықты тіл бұзады, - депті жігіт.

- Дұрыс, балам, шындықты тіл бұзса, өкініші көбейеді, не өсек көбейеді. Шындықты білу қыын, айтылған сөзді тоқтату қыын. Адал адам шындықты білсе, өсек қылады. Өсек ерді бұзады. Өсекті көп айтқан шындықты білмейді, шындықты білген өсекшіге ере бермейді. Өмірде шындықты өсек бұзады, - депті қарт.

## **11-бала: - Адамға ақыл беретін кімдер? – депті қарт.**

- Ата, ана тілі ғой ақыл беретін, - депті жігіт.
- Жоқ балам, ана тілі ойды өсіреді. Адамға ақыл беретін ата-ана, ұстаз, досы екенін

ұмытпа. Ата-ана ақылын баласы мен қызына айтады, ұстаз шәкіртіне айтады. Жақсы ақыл адамды тез есейтеді. Адамға ақыл беретін адап дос. Адап дос ақылшың, ақылшы дос – жақының. Досы көптің табысы көп, табысы көптің жақыны көп. Достықтың көзі ақылдан басталады, - депті қарт.

**12-бала:** - Адамның ақылы қайда? – депті қарт.

- Адамның ақылы тілінде, ата, - депті жігіт.

- Жоқ балам, тіл ақылдың айнасы, ақыл істің пайдасы. Есінде болсын, ханның ақылы тағында, әкімнің ақылы жанында, ғалымның ақылы басында, ананың ақылы жасында, жігіттің ақылы жақсылығында, ақымақтың ақылы кім көрінгеннің қалтасында, - депті қарт.

**13-бала:** - Достықты нығайтатын не? – депті қарт.

- Ата достық пен жолдастықты ынтымақ, бірлік, теңдік, туыстық, бауырмалдық нығайтады.

- Дұрыс, балам, сенің айтқаның достық пен жолдастықты дамытады. Есінде болсын, шын достың ақылдыға тән екенін ұмытпа. Өмірде дос болуды ойласаң “Сәлеметсіз бе, кешіріңіз, рахмет, сау болыңыз, сәлем айтыңыз, рұхсат па” дегенді үйрен. Сәлемесуді білген кешіре де біледі, кешіре білген рахмет те айта біледі. Жөн сөз көңілінді өсіреді, жөнсіз сөз өмірінді өшіреді – депті қарт.

**1-жүргізуі:** Міне, балалар, көрдіндер ме, дос табу үшін, елде кімнің қадірлі екенін, өмір сүру үшін не қажет екенін, шындықты бұзатын, достықты нығайтатын не екенімен таныстық және осындай ғибрат аларлық сөздерді есте сақтау керектігін ұмытпаңдар.

**2-жүргізуі:** Енді “Ескірмейтін есті сөз” айдары бойынша ойын-жарыс өткізіледі.

Бұл бөлімге дайындалу балалардың өздеріне тапсырылған. Күнделікті өмірде ата-әжелерің, әке-аналарының айтып отыратын ырым мен тиым сөздер жарысын өткіземіз. Кім көп біледі екен?

**1-бала:** Отқа су құйма, түкірме. Себебі кезінде ата-аналарымыз отқа табынған. От өмір, тіршілік көзі саналған.

**2-бала:** Мал сүйегін отқа жақпа, акты төкпе.

Себебі тірі малдың сүйегі сырқырап, желіні іседі, малсыз қалып жоқшылыққа ұшырайды деген ұғым бар.

**3-бала:** Қазақ тұнде мал, адам санамайды, себебі басың кемиді деп есептеген.

**4-бала:** Пышақтың жүзін жалама, пышақты кезенбе. Себебі пышак ұзарып кетеді.

**5-бала:** Үйге қарай, үйді айналып жүгірме.

**6-бала:** Күлді, тұзды баспа, шашпа, аяғың ауырады.

**7-бала:** Жағынды, белінді таянба, тізенді құшақтама. Тек қаралы адамдар ғана осылай

отырады.

**8-бала:** Бас киімінді лақтырма, теппе, басың ауырады.

**9-бала:** Нанды шашпа, баспа, нан - өмір нәрі.

**10-бала:** Тұысыңа ит, пышақ сыйлама, себебі араз болып қалуың мүмкін.

**11-бала:** Өсек, өтірік айтып, жағымпаз, мақтаншақ болма.

**12-бала:** Үш күн айтта кір жууға, тырнақ, шаш алуға болмайды.

**13-бала:** Адамға ажал шақыратын мына ырымдар:

Саусақты тарақтап, қолды көкірекке не желкеге қойып жатпайды. Мойынға бос арқан салмайды. Қамшының өрімінен ұстап сабын жерге сүйретпейді. Жуылған киімді далаға он қаратып жаймайды.

**14-бала:** Тәңертең міндетті түрде өз үйінен ораза ашып (тамақ ішіп) шық. Себебі “таңғы тамақ тәнірден” деген сөз бар.

**15-бала:** Дастарханды баспа, аттама.

**16-бала:** Сыпыргышты көкке көтеріп, баланы ұруга болмайды.

Міне осында ырымдар мен тиымдарды еске сақтап,  
орындал жүруіміз қажет.

(Музыкалық үзіліс)

**1-жүргізуі:** - Ендігі кезекте біз ненің жақсы, ненің жаман екендігімен, қасиетті ұғымдармен танысуымыз керек. Бұл бөлім сайыс түрінде өтеді. Қонақтар мен оқушылар болып сайысқа түсеміз. Сұрақтарға жауап беру кезегін алдымен қонақтарға береміз, соңынан оқушылар толықтырады.

**2-жүргізуі:** Жерден ауыр не бар?

Судан терен не бар?

Оттан ыстық не бар?

Көктен биік не бар?

(Қонақтар жауабы тындалады)

**Оқушы:** Жерден ауыр дегенім – ақыл, білім,

Судан терен дегенім – оқу, ғылым.

Оттан ыстық дегенім – адамның өмірі.

Көктен биік дегенім – тәkkапардың көңілі

**1-жүргізуши: Алты алаш деген не?**

**Оқушы:** - Алты алаш деген – Алаш ханның балалары – Қазақ, Қарақалпақ, Қырғыз, Өзбек, Түркімен, Жайылхан.

**2-жүргізуши: Дүниеде не жетім?**

**Оқушы:** Жаңбыр жаумаса – жер жетім,

Басшысы болмаса – ел жетім.

Ұқпасқа айтылған – сөз жетім

**1-жүргізуши: Дүниеде не тәтті, не жұмсақ, не қатты?**

**Оқушы:** Ананың сүті тәтті. Ананың қолы жұмсақ. Әкенің жүрегі қатты.

**2-жүргізуши: Дүниеде ең жақының кім?**

**Оқушы:** Тату болса – ағайын жақын

Ақылшы болса – апайың жақын

Бауырмал болса – інің жақын.

Инабатты болса – келінің жақын.

Алдыңа тартқан адад асын,

Қимас жақын – қарындасың.

**1-жүргізуши: Дүниеде не қымбат?**

**Оқушы:** Алтын үяң – Отан қымбат,

Құт-береке – атаң қымбат.

Аймалайтын анаң қымбат.

Мейірімді – апаң қымбат.

Бәрінен де ұят пенен ар қымбат.

**2-жүргізуши: Дүниеде не қыын?**

**Оқушы:** Арадан шыққан – жау қыын.

Таусылмайтын дау қыын.

Шанышқылаған сөз қыын.

Жазылмаған дерт қын.

Іске аспаған серт қын.

Ақылынан адасып,

Өзің түскен өрт қын.

Не істерінді біле алмай,

Ашиды сонда бас миын.

### (Музыкалық үзіліс)

**1-жүргізуші:** Енді біз сайсымызды мақал-мәтел айту түрінде жалғастырамыз. Мақалды біз бастаймыз, қонақтар жалғастырып аяқтайды. Егер қонақтар жалғастыра алмаса, кезекті оқушылар алады. Таңдал алынған мақалдар тіл, шешендік, ата-ана, ұл, қыз туралы айтылады(Мақалдардың бірінші бөлігін екі [бастауышы кезек айтып](#), жалғасына жауап күтіп тұрады)

1. Таппасаң сөздің жүйесін ... (отына өзің күйесін)
2. Ақылдының сөзі қысқа, ... (көпке болар нұсқа)
3. Шешен сөз бастар, ... (батыр қол бастар)
4. Қылыш жарасы бітеді, ... (сөз жарасы бітпейді)
5. Көп ішінде сөйлеген, ... (ойға салмай сөйлеген)
6. Көсемдіктің белгісі, ... ( шешендіктің белгісі)
7. Көп сөз – күміс, ... (аз сөз – алтын),
8. Жақсы жігіт – аспандагы жүлдyz ... (жақсы қыз – жағадағы құндыз).
9. Ақылың ағанда болсын... (құндызың жағанда болсын).
10. Эке көрген оқ жонар ... (шеше көрген тон пішер).
11. Откір тіл – дарын ,... (ұзын тіл жауын)
12. Тоқсан ауыз сөздің ... (тобықтай түйіні бар)
13. Тіл тас жарады,... (тас жармаса бас жарады).
14. Жігіт болсаң 7 жүрттың тілін біл ... ( немесе 7 түрлі ғылым біл)

Осыдан соң сайыстың қорытындысы шығарылады.**1-жүргізуші:** Міне, балалар, сендер тәлім-тәрбие аларлықтай “**Бабадан қалған асыл сөздер**” өте көп екен. Сондықтан да үлкендердің әр сөзіне зер салып, әр сөзінің астарына үніле қарай білу керек. Өсірепе

үйдегі ата-әжелеріңің, ата-аналарыңың әр сөзін ұғып, көрі адамдардың ақылын, өсietін есте сақтандар.

**1-оқушы:** Атам - кітап, мен - дәптер,

Ақыл толы сөзіне.

Кызығам да әлбетте

Көшіремін өзіме.

**2-оқушы:** Еш дүкенде сатылmas,

Тегін кітап атамыз.

Қанша оқысаң сарқылmas

Өмір – кітап – атамыз.

**3-оқушы:** Беттер ашық ұдайы,  
Оқылатын кітап ол.

Сырын ашып ұдайы  
Тоқылатын кітап ол

Соны концерттік бағдарламамен жалғасады



## **АНА ТІЛІМ**

**(Тіл мерекесіне орай өткізілген сыйныптан тыс үйірме жұмысының өткізілу барысын әріптестеріме, әсіресе жас мамандарға ұсынамын)**

- Мақсаты:**
1. Оқушыларды өз ана тілінің қадір-касметін біліп, өз ана тілінің көркемдігін сезініп, сөз құдіретін түсініп, оның адам өміріндегі маңызын ұғуға үйрету.
  2. Тіл әуезділігін, көркемдігін, байлығын, шешендігін көрсететін нақыл сөздер, мақал-мәтелдер арқылы оқушы дүниетанымын, ой өрісін дамыту.
  3. Тіл тазалығын сақтау, мәдениетті сөйлеу, шешендік өнерді оқушы бойына сініре отыра, ана тіліне сүйіспеншілігін қалыптастыру, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге атсалысуға шақыру.

**Көрнекілігі:** Нақыл сөздер, бекеттер-топ аттары жазылған плакаттар, «Ана тілі – рухани даму негізі» кітап көрмесі, ұпай беретін таяқшалар, мадақтау қағаздары, Microsoft Pover Point программасында безендірілген презентация.

Абайдың әні « Сегіз аяқ» 2 оқушы домбырада орындалды.

**1-жүргізуши:** Сүйемін туған тілді – анам тілін,

Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.

Шыр етіп жерге түскен минутымнан

Құлағыма сінірген таныс үнім.

Ең бірінші сол тілмен сыртқа шықты,

Сүйгенім, сүйсінгенім, жек көргенім.

С.Торайғыров.

**2-жүргізуши:** Туған тілім-бабам тілі-өз тілім,

Туған тілім-анам тілі-өз тілім.

Туған тілім-далам тілі-өз тілім,  
Туған тілім-адам тілі-өз тілім.  
Туған тілде сыры терең жаным бар,  
Туған тілде әнім менен сәнім бар.  
Туған тілім тіл болудан қалса егер  
Жүргімді суырып-ақ алындар.

Д. Әбілев.

**1-жүргізуши:** Тағдырынды тамырсыздық індегінен қалқала,  
Мазмұн жоқта мазмұнсыздық шыға келер ортаға.  
Әр адамда өз анасынан басқа да,  
Ғұмырына етер мәңгі астана,  
Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,  
Болу керек құдіретті төрт ана:  
Туған жері-түп қазығы, айбыны,  
Туған тілі - мәңгі өнеге айдыны,  
Жан байлығы, салт-дәстүрі-тірері,  
Қадамына шуақ шашар үнемі.  
Және туған тарихы.

М.Шаханов.

**2-жүргізуши:** Тілім менің!  
Ұлы Абай, Мұхтардай пірім менің.  
Тұнығым, рухани жан азығым  
Ол бұлінсе, менің де бұлінгенім.  
Ана тілім, туған тілім, бал тілім  
Сен арқылы дүние танып талпындым.  
Сен арқылы әлемге аян бар ісім

Сен өмірде таусылмайтын алтыным.

III.Айтматов.

Мұғалімнің сөзі: Құрметті оқушылар, бүгін біз 2 топ: «Тапқырлар», «Зеректер» Қазақ тілі еліне сапар шегеміз. Алдымыздан көп бекеттер кездеседі. Ондағы тапсырмаларды орындаған топ мүшелері «Қазақ тілі елінің құрметті азаматы» атағын жеңіп алады.

Әділ қазылар алқасын сайлау.

1. «Қайырлы таң» бекеті Екі топтың сәлемдесуі. Танысу.

2. «Үміт» бекеті. Мақал-мәтелдерді жалғастыр:

Шешеннің тілі...

Бал тамған тілден...

Ақыл көркі ...

Ана сүті...

Жақсы сөз...

Жақсыға сөз ілеседі...

Тілін білмеген...

Аяққа кісен салуға болар...

3. «Қайрат» бекеті . Қызықты грамматика.

А) Мына сөздердің ішінен диалект сөздерді көрсет: доға, жәшік, қамыт, сұлтан, пиала, нән, зейнеткер.

Ә) Қай шылаулар дефис (-) арқылы жазылады?

-мен,-және,-ау,-да,-мыс,-ақ,-пен,-ды.

Б) Үрсу, зекіру сөздерінің синонимі.

В) Мына суретке тұрақты сөз тіркесін жаз. (бетіне оты шығу, көз қорқақ, қол батыр, ойыннан от шығу, ит өлген жер)

Г) Тілдік бөлшектерді үлкеннен кішісіне қарай ретімен жаз: текст, буын, дыбыс, сөз тіркесі, сөз, сөйлем.

Д) Әзіл сұраптар:

Айнаға қай кезде өкпелеуге болмайды?

Корқақ неден қорқады?

Тауық тұс көре ме?

Қарғыстың ең жаманы не?

Тастың жеңілі бола ма?

Ауыз бен қолды қандай жерде тыю керек?

Қандай кілт аспанда болады?

Неменеге өкпелеп жүргенде не шықты?

4. «Ғалым» бекеті. Тест сұрақтары.

1. Тіл туралы Заң қашан қабылданды?

- A) 1987ж. 17 қараша
- B) 1989ж. 22 қыркүйек
- C) 1990ж. 13 маусым
- D) 1992ж. 15 қазан
- E) 1991ж. 17 қыркүйек

2. Тіл білімінің негізін салған кім?

- A) Ш.Уәлиханов
- B) М. Жұмабаев
- C) А. Байтұрсынов
- D) Ы. Алтынсарин
- E) А. Құнанбаев

3. Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады?

- A) хинди
- B) араб
- C) португал
- D) испан
- E) түркі

4. «Ана тілің-арың бұл, ұятың боп тұр бетте» деген өлең жолдарының авторы кім?

А) Қ. Мырзалиев

В) Ә. Тәжібаев

С) С. Торайғыров

Д) М. Шаханов

Е) М. Мақатаев

5. Облысымыздың ақтаңгер ақыны С. Ғабдуллин атамыздың өлеңдер жинағы қайсысы?

А) «Жырлайды жүрек»

В) «Дариға жүрек»

С) «Сөйле, менің жүрегім»

Д) «Асаяу жүрек»

Е) «Өмір-өзен»

6. Ақпарат құралдарының тілі қай стильге жатады?

А) публицистикалық

В) көркем әдебиет

С) ауызекі сөйлеу

Д) ресми

Е) ғылыми

7. « паспорт» сөзінің жаңа атауын табыныз.

А) қағазы

В) куәлік

С) анықтама

Д) міндеттеме

Е) төлкүжат

8. Төмендегі афоризмнің авторын табыныз.

А) Ы. Алтынсарин

В) А. Байтұрсынов

С) А. Құнанбаев

Д) М. Өтемісұлы

Е) Бұқар жырау

5. «Арман» бекеті

Тұрақты сөз тіркестерінің мәнін аш:

Қас пен көздің арасында (лезде)

Қара қылды қақ жару (әділ)

Төбе шашы тік түрдү (шошыды)

Тайға таңба басқандай (анық)

Аузына күм құйылды (ұндеңеу)

Көзге түртсе көргісіз (қаранды)

Тонның ішкі бауындай (тату)

Бет моншағы үзілу (ұялу)

Жарғақ құлағы жастыққа тимей (мазасыздану)

Құн тигізбей өсірген (мәпелеу)

6. «Дарын» бекеті Шығармашылық. Өлең, әңгіме құрастыру.

«Ең қымбат қазына»

7. «Шешен» бекеті.

« Жеке бір адам ұлт тілін жасай алмайды. Тіл – бүкіл халықтың игілігі, халықпен бірге жасап, бірге дамиды.

Ана тілін жақсы білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам атануға болмайды». С.Негимов пікірі. Сондықтан...

Жалғастыру...

Әділ қазылар алқасына сөз, топтарды мадақтау.

Қорытынды:

1-жүргізуши: Тіл-қасиетті, құдіретті, киелі. Бұл қасиеттер бойға ананың ақ сүтімен дариды. Тіл өшпейді, қандай қындықта да тіл өз ұрпағының қанына, жанына өз ұрығын егіп,

өміршең күй кеше береді.

**2-жұргізуші:** Туған тілім – тірлігімнің айғағы,

Тілім барда айтылар сыр ойдағы.

Өссе тілім мен де бірге өсемін,

Өшсө тілім мен де бірге өшемін.

Ә. Тәжібаев.

Екеуі бірге қосыла: Кіршіксіз қардай сақтандар,

Қазақтың тілін ғаламат.

Ана тіл – арым, иманым,

Аманат, саған, аманат.

М. Әлімбаев.

“Жігіттің сұнқары кім?”, саралаңыз

(Сайыс-байқау)

**1-бастаушы:** Құрметті қауым! Сіздерді “Жігіт сұлтаны” сайысын тамашалауға шақырамыз.

**2-жұргізуші:** Береке де осында,

Мереке де осында.

Болып жатыр той-думан

Қырандардың қосында.

**1-жұргізуші:** Асқактаған ән дайын,

Күмбірлеген күй дайын.

Ал, көнекей, қырандар!

Босқа қарап тұрмандар!

Бастап жігіт өнерін,

алыстарға самғаңдар!

**2-жұргізуші:** Құрметті көрермен қауым! Енді сайысқа түсетін жігіттерді қол

шапалақтап, қошаметтеп ортаға шақырайық.

**1-жүргізуши:** Сайысқа қатысуышы жігіттер көпшілікпен сәлемдесіп, өздерін таныстырады. Жігіт сұлтанының бойында қандай қасиеттер болуы керек деп ойлайсың деген сұраққа жауап береді.

**2-жүргізуши:** Ей жігіттер!

Сендерге артар міндет көп.

Көтер биік ата салтын құрметтеп

Ақтай білсең ата-баба үмітін

Әрбір сөзі – тәлімі мол бір мектеп.

**Сұрақтар:** Немірленген асықтардағы сұрақтарға жауап беру.

**№1 асық. Мал жіліктегінің атауын айт.**

I. Қол жіліктегі: 6

1. Кәрі жілік – 2
2. Күң жілік – 2
3. Жауырын – 2

II. Сан жіліктегі: 6

1. Асықты жілік – 2
2. Тоқпан жілік – 2
3. Жамбас – 2

**№2 асық. Конаққа ет тарту рәсімі қалай?**

1. Құда табақ; бас, жамбас
2. Қүйеу табақ; төс т.б.

**№3 асық. Төрт түлік мал пірінің аталуы қалай?**

1. Түйе – Ойсылқара
2. Жылқы – Қамбар ата
3. Қой – Шопан ата
4. Ешкі – Шек-Шек ата

5. Сиыр – Зенгі баба

**№4 асық. Қазақша ай аттарының аталуын айту керек.**

- |           |               |
|-----------|---------------|
| 1. Қантар | 7. Шілде      |
| 2. Ақпан  | 8. Тамыз      |
| 3. Наурыз | 9. Қыркүйек   |
| 4. Сәуір  | 10. Қазан     |
| 5. Мамыр  | 11. Қараша    |
| 6. Маусым | 12. Желтоқсан |

**№5 асық. Төрт түлік мал төлдерінің аталуы қандай?**

I. Жылқы - құлын

II. Сиыр - бұзаяу

III. Қой – қозы

IV. Ешкі – лақ

**№6 асық. Жыртқыш құстардың атын ата.**

Бүркіт, лашын, қыран, қырги.

**№7 асық. Қазақ халқының салт-дәстүр,**

**той-томалақтарын атап шық, біреуін түсіндір.**

Бесікке салу, қырқынан шығару, тұсау кесер, сұндетке отырғызу, беташар, көкпар, той бастиар.

**№8 асық. Аттың ер-тұмандарына нелер жатады?**

Жүген, ішкілік, тоқым, ер, үзенгі, аткөрпе, тартпа, қамшы.

**1-жүргізуши:**      Әділ қазылар алқасы жігіттердің ұпайын шығарғанша кезекті әнге берейік. (Ән орындалады)

**2-жүргізуши:**      Қыран-бүркіт көтерер ердің нарқын,

Қыран жігіт асырап елдің даңқын!-

демекші, енді жігіттерміздің өнерін тамашалайық (Әрқайсысы өз өнерін көрсетеді)

**1-жүргізуши:**      Ат өнері білінбес,

Бәйгеге түсіп жарыспай.

Ер өнері білінбес,

Қоян қолтық алыспай, - демекші, енді жігіттеріміздің спорттық жарыстардағы өнерлерін көрейік.

1. Салмақ тасын көтеру.
2. Мойын арқан тартпақ.
3. Білек күшін сынау.

**2-жұргізуі:** Жігіттер, жаман істі кәсіп етпе,  
Досынды бірге жүрген басып өтпе,  
Басына әлдеқандай іс түскенде.

Келесі кезекті тағы да әнге берейік. (Ән орындалады)

**1-жұргізуі:** Жылдар-жылдар тарихтың мол беттері,  
Сен әкелген жақсылықтар көп тегі.  
Көнілінді шат сезімге баурайды,  
Халқымыздың бүгіні мен өткені.

(Тарихи тұлғалар, ескі ұғымдар туралы сұрақтарға жауап беру)

**Сұрақтар: Асықтар арқылы жауап береді.**

**№1 асық. Қазақ халқының тарихында қандай хандар, батырлар, билер, шешендер өткен?**

Хандар: Абылай, Әбілхайыр, Тәуке, Жәңгір т.б.

Батырлар: Сыпатай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай т.б.

Шешендер: Жиренше, Бөлтірік т.б.

Билер: Қаз дауысты Қазыбек, Төле би, Әйтеке би т.б.

**№2 асық. Үш ұғым туралы сұрақтар**

1. Үш жұз: Ұлы, Орта, Кіші
2. Үш арсыз: Үйқы, тамак, күлкі
3. Үш даусыз: Мінез, кәрілік, ажал

**№3 асық. Жеті атаны талдап беру.**

Ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене.

**№4 асық. 5 асыл мен 5 дүшпанды ата.**

Бес асыл мыналар: талап, еңбек, терең ой,  
қанағат ету, рақым жасау.

Бес дүшпан мыналар: өсек, өтірік, мақтаншақ,  
еріншек, бекер мал шашпақ.

**№5 асық. Үлттық ойындардың түрлерін атап шық.**

Ақсүйек, асау үйрету, арқан тарту, тымпи,  
сақина салу т.б.

**Жүргізуши:** “Жеті атасын білмеген жетесіз” – деп халқымыз айтпақшы, кешіміздің сонында біздің қыран жігіттеріміз өздерінің жеті аталарын атап, дастарханымызға бата берсін! (Сайыс соны концерттік бағдарламаға ұласады)



## **ҚЫЗЫР БАБАНЫ ҚАРСЫ АЛУ**

(Әдеби - драмалық шара)

Шараның формасы: сахналық көрініс.

**Шараның мақсаты:** 1) Қоғамның тарихи дамуында қалыптасқан, үрпақтан үрпаққа көшетін, әлеуметтік нормалар, халықтың мінез-құлқы мен іс-әрекеттерінің негізгі - әдет-ғұрып, салт-сана, қоғамдық тәртіп, зан, мұрат пен ізгілік, яғни, әлеуметтік - мәдени мұра туралы түсінік қалыптастыру;

2) Моральдық сана, моральдік ұстаным, моральдік құндылықты сезінугі тәрбиелей;

**Шараның тақырыбы: Қызыр бабаны қарсы алу.**

**Шараға қатысушылар:**

- 1) Дүкенбай ақсақал
- 2) Күлән (кемпірі)
- 3) Дәulet (ұлы)
- 4) Балқия (келіні)
- 5) Жанар (қызы)
- 6) Қамбар, Ботагөз (немерелері)
- 7) Мұрат (бозбала)
- 8) Жастар

### **1 - бөлім**

(Сахнада киіз үйдің іші. Дәulet домбырада күй ойнап отыр, Жанар кесте тігіп, ал балалар сырмақтың үстінде асық ойнап отыр. Балқия кіріп- шығып дастарқан жасап жүр. Сырттан иттің үргені естіледі, іле-шала Мұрат кіріп келеді.)

**Мұрат:** Кеш жарық!

**Балқия:** Ешкің арық! Төрлет бозбала!

**Мұрат:** Ассалаумағалейкум! (төрге озып, Дәuletке қол береді).

Есенсіздер ме? (қыз бен жеңгесіне тәжім етеді).

**Балқия:** Сау журмісін, бозбала? Сендей жігіт төресі қай қыздың бақыты екен? Жай – күйің қалай?

**Мұрат:**(кібіртікте) Иә, құдайға шүкір, сіздерге ұлыс оң болсын дегелі келіп едім.

**Балқия:** Айтқаның келсін. Төрге шық. Ұйқыашардан дәм тат, бозбала.

**Мұрат:** Асығыс едім, жеңеше, дәм ғана татайын. Әуре болмаңыз (дәм татады, бата береді)

Ұлыс бақты болсын,

Төрт түлік ақты болсын.

Бастарыңа бақ берсін,

Не берсе де, нақ берсін!

Қырда жүрген Қызырды

Үйлерінде ап келсін!

Қарындарың тоқ болсын,

Қайғыларың жоқ болсын!

Шүпірлеген үйінде

Балаларың көп болсын!

Бата бердім бақ тіледім,

Ақ дастархан басына.

Я, құдайым, шын тіледім,

Келсін деп менің қасыма!

Көңілің көлдей болып,

Көргенің түстей болып,

Қыдыр қонсын басыңа.

**Бәрі:** Әумин!Әумин!

**Мұрат:** Мына ақ орамал өзіңізге, жеңеше, көңіліңіз әрдайым шың басының қарындағай ақ болып жүрсін. Ал мына айна, Жанар саған.

**Жанар:** Рахмет, Мұрат, елеп ескергеніңе рахмет.(ыңғайсыздып алады)

**Балқия:** Түү-ү! Неткен тамаша сыйпат жасадың, бозбала. Рахмет!(қуанып шытты иығына жамылады)

**Мұрат:** Ал, сау болыңыздар. Қызыр бабамды жақсы қарсы

алыңыздар. Мен айналып қалдым, кетейін.(кетуге ыңғайланады)

**Балқия:**.. Жанаржан, бозбаланы шығарып сал, ит талап тастамасын.

(үйдегілермен қоштасып, Мұрат пен Жанар тысқа шығып кетеді. Күй әуені естіледі.)

**2 – бөлім** (Кемпір мен шал келеді. Балалар алдынан жүгіріп шығады, атасы кәмпіт береді)

**Күлән:** Ух! Шал екеуіміз талай үйге кіріп шықтық, ағайын – жамағат, көрші – қолаңға жақсы ниетіміз бен тілегімізді білдірдік. Бір көрісіп қуанысып қалдық. Уақыт біршама болып қалыпты, келін шырағым, адыраспан әкелші, үйді аластап жіберейін.(үйді аластайды)

Алас-алас, әр пәледен алас!

Қараңғы – жарыққа, ызғар – жылыға,

Қара – акқа ауыссын! Жамандық кет!

Бәле – жала кет! Алас! Алас!

Сор – баққа, кесір – киеге.

Жоқ – барға ауыссын! Жамандық кет!

Бәле – жала кет! Алас! Алас!

Балалар төрге қос шырақ жағындар. Үйдегі ыдыс атаулының бәрін акқа, ырысқа, кәусәр бұлақтың суына толтырып қойындар.(үйде абыр – сабыр әрекет жасалады, төрге қос шырақ жағылады)

**Күлән:** Жыл бойы ақ мол болсын! (Ыдысқа ақ құяды).

**Балқия:** Дән тасқын-тасқын түсімге бай болсын! (ыдыстарға бидай, тары салады).

**Қамбар:** Ата, мынау жаңадан ашылған кәусәр бұлақтың суы.

(Қолындағы құманды көрсетеді).

**Атасы:** Иә, балам, ыдыс атаулыға қүй, жауын-шашын көл болсын, шөп

шүйгінді, мал семіз болсын деп (немересі орындейдьы, атасы «әумин» деп отырады, Балқия дастарқанға шақырады).

**Қамбар:** Ата, әже, осы бүгін қандай күн өзі. Таң атқалы әмір жок.

Үйді жылан жалағандай тазалап, түрлі-түрлі тамақ әзірлең,  
үстімізге бір киер киімізді киіп алдық. Бұрын «жат, жат»  
деуші едіндер, бүгін міне түн ортасы болды әлі ұйықтаған  
жоқтыз.

**Әжесі:** Балам, бүгін ерекше күн. Наурыздың 21-ші жүлдізы. Осы түні  
даланы Қызыр аралайды. Бүгінгі түн «Қызыр түні».

**Ботагөз:** Ата, Қызыр деген кім?

**Атасы:** Қызыр – адамдарға дәulet дарытып, бақ қондыратын, аяулы  
бабамыз жақсылықтың жаршысы. Жаңа түскен күн рәмізі –  
Қызыр баба даланы кезіп жүріп, назары жерге түссе, оның тоң  
кеудесін жібітеді, ал тасқа түссе, тасты ертіп жібереді екен.  
Күн сәулесі жер шарының Шығыс бөлігінен таңғы сағат 6-да  
 себездеп атқан кезде біздің өңірімізде бұл сәт түнгі сағат 3-ке  
тұспа-тұс келеді. Сондықтан қазақ халқы Жаңа жылды 22  
наурыз күні таңғы сағат 3-те қарсы алады, дәл осы сәтте  
даланы Қызыр баба аралап, Самарқаның көк тасын ерітсе  
керек. Сондықтан осы күнді асыға күткен үлкендер:

Самалық, самалық,

Көк құс көзін ашты ма?

Аяғын жерге басты ма?

Самалық, самалық,

Самарқаның көк тасы,

Жібіді ме, көрдің бе?

Самалық, самалық,

Қап тауының көк құсы,

**Жүгірді ме, көрдің бе? –**

деп қойнында көжегі, қолында нәуірезегі бар балаларына сұрау қойған.

**Әжесі:** Бұл тұні ауыл бойжеткендері өздері ұнатқан жігіттерге арнап соғымның соңғы етін уызға салып пісіріп, «ұйқылашар» деп аталатын ерекше дәм дайындайды. Ал жігіттер мен бозбалалар болса қыздар мен келіншектерге айна, тарақ, иіссудан тұратын «сelt еткізер», «dіr еткізер» сыйлықтар ұсынады. Бұл дәстүрлі сыйлықтағы айна – пәктік пен жастықтың, тарақ - әдемілік пен сұлулықтың, иіссу – бүршігін жаңа жарған жауқазындай құлпырудың белгісі.

**Қамбар:** Е – е, жаңағы ағатайдың көкеме ақ орамал, әпкеме айна әкелуінің сырды осыдан екен ғой?! (кутындаиды)

**Балқия:** Қой, тыныш отыр!

**Ботагөз:** Ата, төрдегі қос шыракты не үшін жақтық?

**Атасы:** (ет турап отырады)

Қызыр тұні Жаңа жыл табалдырық аттап, үйге енгенде, «Жалғыз шала сәүле болмас» деп төрге қос шырақ жағылып қойылады. «Жаңа жыл мұнтаздай таза үйге кірсе, ол үй ауру-сырқаудан, пәле-жаладан аман болады» деген сеніммен Наурызға шейін үй ішіндегі жиһаз-мұліктің шаңы қағылып, жуылып тазартылады. «Береке басынан басталады» демекші, жыл басы жақсы басталса, аяғы да жақсы болады. «Жыл бойы ақ мол, дән тасқын-тасқын, жауын-шашын көп болсын» деген тілек қой. Ас алындар, балалар.

**Балқия:** Ботагөз, бір ән салсаңшы!؟ (Ботагөз ән салады).

**Атасы:** Тұн ортасынан ауып кетті, шамасы, балалар үйдің тұндігін,

жақтауын ашындар, Қызыр баба үңілсін, мейірімін төксін!

(Тұндікті, жақтауды ашады).

**Атасы:** «О, құдайым, зарыға қуткен Жаңа жылым келді, Жаңа жыл жарылқа, ескі жыл есірке. Менің ұрпақтарымды аман ет, пәле жаладан сақтай гөр, жамандық ары кет». Әумин!

**Бәрі:** Әумин! Әумин!

(сырттан иттің үргені естіледі. «Жанар, біз алтыбақанға кетіп барамыз» деген дауыс, құлкі, домбыра үні, ән естіледі)

**Күлән:** Бар, қарағым, бар. Тең құрбыңмен жасап қайт. Жастықта ойнап күлгенге не жетсін!

**Жанар:** Жарайды, апа (үйден тез басып шығып кетеді, күй ойнала бастайды, шымылдық жабылады) Қазақ елінің қаһармандық тарихы (Әдеби қойылым)

**Алаш жұрты, жанашыр жақындарым,**  
**Тапталмауға білесің хақың барын.**

**Ұлт үшін ұрандатып ұрыс салған**

**Қайда сенің кешегі батырларың?!**

Сахна төріне Абылай хан, Бөгенбай батыр, Қабанбай батыр, Наурызбай батыр, Райымбек батыр, Сапытай батыр, Исатай батыр, Бауыржан батырдың портреттері ілінеді, ғимарат іші тарихи ерліктерге лайықталып безендірілед

**Тарихшы:** (Тарихшы мен жыршы сөзіне сәйкес кинокадрлар көрсетіледі). Қазақ елі - сонау Алтайдан Пиренейге дейін билік еткен Еділ батырдың елі. Қазақ елі – асқан батырлығымен, ақыл-парасаттылығымен Египет еліне билік жүргізген Бейбарыстың, Үндіні билеген Бабырдың елі.

**Жыршы:** Қазақ жері – қонақжай төрдің жері,  
Қазақ елі – Қас сақтай ердің елі.  
Елі кедей болмаған – жері байтақ,  
Еділ ердей, Бабырбай шерлер елі.  
Азат бүгін байлыққа тұнған жерім,

Азат жүгін, ел жауын қуған ері.  
Әділет пен бірлікке жанын қиып,  
Әділ өткен билердің туған жері  
  
Қазақ жері көп шеккен қасіретті,  
Қазақ ері - өнерлі, өсиетті,  
Египетті билеген Бейбарыстың  
Елі – текті, киелі, қасиетті.  
  
Қорлаған жау – басқыншы халыққа мұн,  
Қорғаған ер – ойлаушы халық қамын.  
Кобыланды, Ер Тарғын, Алпамыстар ...  
  
Қорғап қалды ел бағын алыштарым

**Тарихшы:** 1793 жыл. Ел жайлауға көшіп жатқан кез. Алтайдан Атырауға дейін тыныштық орнатқан қазақ елі. Қаннен-қаперсіз, шат-шадыман жаз жайлау қызығын көруге бет алғанда, Жонғар қалмақтары тұтқылдан шабуыл жасап, қазақ халқын қан жылатты. Дүрліккен ел шұбыра қашып, табаны езіліп, шұбырынды халық “ақ табан” болды. Аңдыздаған жұрт Алқа көлге аялдап, қасиетті Қарататуға бас сауғалады.

(Зарлы әуен “Елім-ай” хоры айтылады)

**Зар:** Қарататудың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.  
  
Карындастан айырылған қыын екен,  
Қара көзден мөлтілдеп жас келеді..

**Тарихшы:** Қарататудың баурайында қалың қазақ бас қосты. Елдің елдігін, ерлігін соңғы рет сынайтын күн туды. Жауға соққы беріп, жалпы жұртты аман алып қалу үшін, данышпан ата Төле би батырларды батылдыққа, елді бірлікке шақырады

**Жыршы:** “Даудан қашық жүріндер, дүрлікпе тек!  
  
Жаудан қашып, қор болып үрікпе” – деп,  
Біріктірді қазақты Төле би:  
  
“Бақыт, женіс, азат күн – бірлікте!” – деп

**Тарихшы:** “Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді!”  
Тұрған жерін тұрактаған тұғыры биік ел едік, іргемізді ірітпей, бір женнен қол, бір

жағадан бас шығарып, атам қазақтың абыройын сақтайык” – деді Төле би бабамыз.

Кіші жүзден кіслігін танытқан Эйтеке би, орта жүзден ордасын тіккен Қазыбек би ұлы жүздің ақ сақал биінің билігіне бас иіп, елді біріктірді. “Жүзге бөлінгеннің жүзі құйсін”, - деді олар. Кең пейілді, бауырмал халық бір тудың астында “Сабалақ батыр” аталған Абылайды хан көтерді.

**Жыршы:** “Абылайлап”, Сабалақ қол бастады,

Абылай хан атанып, ел басқарды.

Ерлігінен хандардың басталады

Егемендік, елдіктің сел бастауы.

(Бұқар жыраудың Абылай хан туралы жырларынан үзінді жырланады)

**Тарихшы:** Ат ауыздығымен су ішкен, ер етігімен су кешкен заман болды.

Қалың елді Каракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай батырлар бастап, азулы жауды Анырақайда аңыратып женді, Райымбек сияқты киелі батырлар кейін шапқан кесапат жауды қасиетті қазақ жерінен біржола қуып тастады.

**Жыршы:** Ер елінің Қабанбай тірегі боп,

Өренінің мақтаны, жігері боп.

Ерлік сапта жүр мәңгі өзі бастап,

Әр үрпаққа күш берер жүргегі от.

Егес етсе Бөгенбай дана батыр

Ту көтерді Наурызбай – дара батыр:

Айбары боп елдіктің – ердің ісі,

Айғағы боп ерліктің да

Райымбек әулие - қасиеттім,

“Құдайым” деп жаулары бас иетін.

Балалары батыр боп орындарды

Бабалардың өнеге-өситетін.

(Батырлық жырлардан үзінділер айтылады)

**Тарихшы:** Қаралы қалмақ қырғынынан соң, ес жиган елді есенгіреткен, ердің

намысын өртеген тағы бір оқиға – Қоқан хандығының жүгегенсіздігі болды. Халық батырлары ел намысын қорғады. Елім деп туған ер Сыпатай халық бірлігін қорғап, достық туын көтерді.

**Жыршы:** “Мықтымын” деп қоймаған қоқандауын,

Ықтырды кеп Сыпатай Қоқан ханын

Ойран етті ниетін басқыншының,

Ойлап өтті бірлікті – Отан қамын.

**Тарихшы:** XYIII-XIX ғасыр. Қазақ билері мен хандары иек артып, көмек еткен орыс патшалығы бірте-бірте өз мақсатын орындалап, қазақ жерін отарлап, қазақ елін аздыра бастады. Ел ішіне ірткі салып, зымияндық саясатпен ел бірлігіне, ұлттық қасиетімізге, тіліміз бен дінімізге, кеңдігіміз бен елдігімізге кесір келтірді. Оған қазақ шаруалары ызаланып, кек көтерді.

Исатай мен Махамбет бастаған ел көтерілісі сәтсіз болса да, ел намысының айғағы еді.

(Күрманғазының “Кішкентай” атты күйі тартылады, ортаға жыршы шығады)

**Жыршы:** Орнатам, деп Исатай бостандықты,

Ордадан – кек, құптауды достан күтті

Жаңғырған мың-шаруа құресінен

Жәңгір хан мен ақ патша жасқаныпты.

(Махамбеттің “Ереуіл атқа ер салмай”, “Мен, мен едім, мен едім”, т.б. жырлары айтылады)

**Тарихшы:** 1941-1945 жылдар. Адамзат тарихында болмаған алапат соғыста бірлік, достық жолында жан қиған қазақ батырлары фашизмнен бүкіл адамзаттық азаттықты қорғап, ерекше ерлік көрсетті. Жұзге тарта қазақ қаһармандарына Кеңес Одағының Батыры деген абырайлы атак берілді. Батырлықты батырлардың батыры Бауыржан Момышұлы бастады.

(«Жас қазақ» әнінің әуенімен жыршының жыры естіледі. Төлегеннің бейнесі көрсетіледі)

**Жыршы:** Тоқтаровтай батырлар неткен жалын!

Оқтан ықпай, елім деп төккен қанын.

Батырларым жалынын жалаулатып,

Жатыр мәңгі аялап еккен бағын.

Бауыржандай Мәскеуді қорғап қалған,

Бауырмалдар жауға елді қорлатпаған.

Жатыр бүгін жалын боп алыптарым,

Батырлығы бағым боп орнап қалған.

Қорған болған елінің елдігіне,

Батырлардың бас идік өрлігіне!

Үрпақтары қаһарман бабалардың

Тәуелсіздік қамалын көрді міне!

**Тарихшы:** 1986 жыл. Желтоқсанда отты оқиға болды. Елдің егемендігін аңсаған жастар алаңға шықты. Желтоқсан желі дауылға айналды. Өрттей қаулаған өжет жастар ұлттық намыс құдіретін әлемге паш етті.

**Жыршы:** «Қазақ елі хан сайлар зор данасын,

Ғажап елді келімсек қорламасын!»

Деп, Қайраты көтерді намыс туын,

Кек қайнатты өрт толып Орда басын.

(“Желтоқсан желі” әні айтылады. Желтоқсан оқиғасына байланысты кинокадрлар көрсетіледі)

**Тарихшы:** 1991 жылды қазақ халқының тұнғыш ғарышкери **Тоқтар Әубәкіров** ғарышта ерлік көрсетті.

**Жыршы:** Келді, міне, ерлікті бағалар күн

Аруағы қолдады бабалардың.

Ғарыш шарлап оралды Тоқтар батыр,

Мұратыңа ие бол, бауырларым!

(Шаттық күйі. Ту ұстаушылар әуен әусерінде Республика туын сахна төріне алып шығады. Жұрт орындарынан тұрып, ту астында еліміздің әнұранын айтады)



## 8 НАУРЫЗ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР МЕРЕКЕСІ

Тәрбие сағат тақырыбы: Ана – аса қымбатты жан

Тәрбие сағат мақсаты: Балалардың аналарына, бар адамзат анына сүйіспеншілігін ояту.

Ананың еңбегін ақтауға, ардақтауға, құрметтей білуге тәрбиелеу.

Тәрбие сағат көрнекіліктері: Ертеңгіліктің тақырыбы жазылған плакат.

Суреттер, шар, گүл суреттері.

Мұғалім: - Құрметті аналар, әжелер сіздерді әйел жанымен байланысты тамаша көктем мерекесі – 8 Наурызben шын жүректен құттықтаймын! Алғашқы көктем мерекесі Жер бетіне өмір сыйлаушы нәзік, ақылды, сымбатты, мейірімді жандарға арналғаны қандай тамаша мереке! Әлемдегі ең асыл жан ол – Ана десек, жүргегімізде сүйікті жанға деген маххабат сезімі оянады. Ана бұл аяулы да мейірімді жан. Баланың тілі шыққаннан – ақ бірінші сөзін ана деп айтады. Өмірдің есігін ашқаннан соң осы өмірдегі өзіңнің жан ананды көресің. Осы бір «АНА» деген үш әріптің аясында адамзат баласын қуаныш сыйлар қаншалықты қасиет бар десенші! Ару - ана, Ару - асыл жар, Ару – көнілдің گүлі, Ару - өмірдің жыры, тіпті айта берсең сөз жетпейді. Олай болса, бүгінгі аналарға, қыздарға арналған, классымыздың ер балаларының дайындаған «Ана - аса қымбат жан!» кешімізге қош келіпсіздер!

Балалар бәрі: Құттықтаймыз аناшым, 8 - ші Наурызben!!!

Мұғалім: Уа, ағайын, ағайын. Көктем келді жайнаған. Бау - бақшада бүгін той. Қош келдіңіз ағайын. Раушан گүлдер жайнандар. Гүлдей жайнап тұрындар. Құттықтаймыз сіздерді. Мерекенмен бүгінгі.

1 - оқушы: Той пердесін ашайық, Тойға шашу шашайық. Аналарды құрметтеп, Ән маржанын шашайық. Хор: «Құттықтаймын, мама, мерекенмен!» Мұғалім: Ақ аناшым, аппағым. Өзің жайлы тақпағым. Арналады сіздерге. Бар баланың тақпағы. (Балалардың тақпағы айтылады)

2 - оқушы: Алтын анам жасымнан аялаған Мен үшін игілікті аямаған Сабақтан шаршап үйге келгенімде Бал сөзі - жаным деген, сая маған.

3 - оқушы: Құтты болсын, ардақты ана Асыл анам мерекен, Құтты болсын теңдік алған. Қуанышты берекен. Мұғалім: - Барша аналарға арнаған Алмаздың орындауда өзбек бійн тамашалаңыздар.

4 - оқушы: Өмірдің иесі сен, ғазиз Ана. Келтірген дүниеге нелер дана Анасыз батырда жок, ақында жоқ Өмірдің алтын кілті сондаған.

